

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ЕСКЕРТУЛЕР

- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға (балаларды қоса) немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілмейінше және олар бақыланбайынша пайдалануға болмайды.
- Балалардың осы құрылғымен ойнамауын қадағалаңыз.
- Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны ешқашан суға батыру арқылы тазаламаңыз.
- Бұл тек үйде пайдалануға арналған құрылғы. Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды: дүкендердегі, офистердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлер тамақтанатын орындарда; фермаларда; қонақүйлердегі, мотельдердегі және басқа қонақ күту орталарындағы клиенттерге; төсек және таңғы ас беретін орталарда.
- Егер ашалы қосқыш немесе сым зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек тұтынушыларды қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

ТЕК ЕУРОПАЛЫҚ НАРЫҚҚА АРНАЛҒАН:

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалар сегіз жастан аспаған болса және үнемі бақылауда болмаса, тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балалар 8 жастан аспаса және бақылауда болмаса орындамаулары керек. Құрылғыны және қуат кабелін 8 жастан аспаған балалардан аулақ ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.
- Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.
- Құрылғы қараусыз қалатын кезде және оны құрастыру, оның бөлшектерін шешу немесе тазалау алдында оны әрқашан розеткадан ажыратып жүріңіз.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

МАҢЫЗДЫ ҚАҮІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Қауіпті! Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен тұртпеңіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан сымнан ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратуыңыз керек.
- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз. Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.
- Құрылғыны тазаламас бұрын, оны әрқашан розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



Маңызды: Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.



Күйіп қалу қауіп бар! Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін.

Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

Пайдалану мақсаты

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған. Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі. Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

Пайдалану нұсқаулығы

Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Мұндай пайдалану нұсқауларын елемей күйіп қалуға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін. Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемейден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.



Ескеріңіз:

Осы пайдалану нұсқаулығын сақтап қойыңыз. Егер құрылғы басқа адамдарға берілсе, оларды осы пайдалану нұсқаулығымен бірге беру керек.

Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз. Егер құрылғының зақымданғаны көрініп тұрса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

(3-бет - А)

- A1. Кесе қоятын сәре/Кесе қыздырғыш
- A2. Сүт контейнерінің ендіргісі/су бергіші
- A3. ҚОСУ/СӨНД. басты сөндіргіші
- A4. Қуат кабелі ашасының ұясы
- A5. Қайнатқыш бөліктің шығыс түтігі/Ағыз торабы
- A6. Су ыдысының орны
- A7. Су ыдысының қақтағы
- A8. Су сүзгісінің орны бар су ыдысы
- A9. Су шығынының көрсеткіші
- A10. Тамшы науасы
- A11. Тамшы науасындағы судың ең жоғары деңгейінің көрсеткіші
- A12. Кесе науасы
- A13. Латте макиато/латте жылжымалы стаканының орны
- A14. Шыныаяқтарды жылыту

Басқару панелінің сипаттамасы (B)

(3-бет - B)

- B1. ҚОСУ/Күту түймешігі
- B2. ҚОСУ/Күту шамы
- B3. 1 кесені беру түймешігі
- B4. "ОК температурасы"/1 кесені беру шамы
- B5. 2 кесені беру түймешігі
- B6. "ОК температурасы"/2 кесені беру шамы
- B7. Ыстық су беру түймешігі
- B8. Ыстық су беру шамы
- B9. Капучино/ыстық сүт беру түймешігі
- B10. "ОК температурасы"/капучино/ыстық сүт беру шамы
- B11. Латте макиато/ыстық сүт беру түймешігі
- B12. "ОК температурасы"/латте макиато/ыстық сүт беру шамы

Керек-жарақтар сипаттамасы

(2-бет - D)

- C1. Сүзгіні ұстатқыш
- C2. Крем сүзгісі, 1 кофе
- C3. Крем сүзгісі, 2 кофе

- C4. ESE чалды крем сүзгісі
- C5. Қуат сымы (алмалы-салмалы)
- C6. Кофе өлшеуіш/тығыздағыш
- C7. Алмалы-салмалы су бергіш
- C8. Судың қаттылығын анықтауға арналған реагент жолағы (Жалпы қаттылық сынақтамасы)
- C9. Қаспақ кетіру
- C10. Суды жұмсартатын сүзгі

Сүт контейнерінің сипаттамасы

(2-бет - D)

- D1. Сүт құю қақпағы
- D2. CLEAN түймешігі
- D3. Сүт беру түтігі
- D4. Сүт алу түтігі
- D5. Сүт контейнері

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ОРНАТУ



Маңызды!

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- Кофе құрылғысына кірген су оны зақымдауы мүмкін. Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.
- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін. Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.
- Сымды қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).
- Бұл құрылғы қызады. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал құрылғының үстіне 15 см бос орын қалдырыңыз.

Құрылғыны жалғау



Маңызды!

Розетка қуаты кернеуінің құрылғы астындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкестігін тексеріңіз.

Қуат кабелін құрылғының артқы жағындағы тиісті тесікке салыңыз (1-сурет); содан кейін ашаны розеткаға салыңыз.

Құрылғыны тек жерге тиімді жолмен тұйықталған және ток қуаты кемінде 10 А болатын розеткаға қосыңыз.

Егер розетка қуаты құрылғыдағы қуатқа сай болмаса, тиісті розетка түрін білікті маманға ауыстыртыңыз.

СУ ҰДЫСЫН ТОЛТЫРУ

1. Су ыдысын алып шығарыңыз және оны таза сумен көрсетілген MAX белгісінен асырмай толтырыңыз (2-сурет).

2. Содан кейін ыдысты машинаға салыңыз (3-сурет).



Маңызды:

Құрылғыны ыдысында су болмағанда немесе ыдыстың өзі болмағанда ешқашан пайдаланбаңыз.

ҚҰРЫЛҒЫ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

- 1 Сүзгінің стақанын машинаға бекітіңіз: бұл үшін стақанның тұтқасын дәл OPEN (ашық) (4-сурет) белгісі бойынша дұрыс бұрап, содан кейін тұтқаны оңға қарай CLOSE (жабық) (5-сурет) күйіне дейін бұрау керек;
2. Машинаны қосыңыз, бұл үшін оны I күйіне басыңыз Бұйымның артқы жағындағы I/O басты сөндіргіші: машина автодиагностика жасайды, бұл кезде шамдар кезек-кезек жыпылықтайды;
- 3 Автодиагностика жасалғаннан кейін, "ыстық су беру" шамы (B8) жыпылықтайды. Қалған шамдар сөндірілі болады: машина ыстық су бергішті (6-сурет) салу қажеттілігі туралы ескертеді;
- 4 Бергіштің астына сыйымдылығы кемінде 100 мл (7-сурет) болатын сұйыққойманы қойыңыз;
- 5 "Ыстық су" түймешігіне басыңыз: беріліс басталады және автоматты түрде тоқтайды;



Ескеріңіз:

және шамдары жанып сөнеді, түймешігіне қайтадан басыңыз.

6. Машинаның ішкі сұлбаларын шаю үшін, сұйыққойманың кофе бергіштің (8-сурет) астына қойыңыз және түймешігіне басыңыз. Осы әрекетті 5 рет қайталаңыз;
7. Содан кейін "бу" сұлбасын шайыңыз: Сұйыққойманы су бергіштің (7-сурет) астына қойыңыз және түймешігіне басыңыз. Осы әрекетті 5 рет қайталаңыз. (Қажет болса, су ыдысын толтырыңыз).



Ескеріңіз: Бұйымды ұзақ уақыт бойы қолданған кезде де ішкі сұлбаларды шаюға ұсыныс беріледі.

СУДЫ ЖҰМСАРТАТЫН СҮЗГІНІ ІСКЕ ҚОСУ

Машиналардың кейбір үлгілері суды жұмсартатын сүзгімен (C10) жиынтықталады: сіздің үлгіңіз осындай сүзгімен жиынтықталмаған болса, оны De'Longhi авторластырылған техникалық қолдау орталықтарынан сатып алуға ұсыныс беріледі.

Сүзгіні дұрыс қолдану үшін, төменде келтірілген нұсқауларды ұстану керек.

1. Сүзгіні қаптамадан алып шығарыңыз;
2. Пайдаланудың келесі 2 айы көрсетілмейінше, күнді көрсететін дискті (8-сурет) аудары беріңіз;




Ескеріңіз

машинаны дұрыс қолданған жағдайда сүзгіні екі ай бойы пайдалануға болады. Сүзгі орнатылған болса, ал машина қолданылмаса, оның ең көп пайдалану мерзімі 3 аптаға дейін азаяды.

3. Сүзгіні қосу үшін, су құбырынан ағатын суды суретте көрсетілгендей сүзгінің тесігіне құйыңыз, су бүйірлік тесіктерден бір минут бойы аққанша күте тұрыңыз 9 (сурет);
4. Су ыдысын алып шығарыңыз (қажет болса, оны сумен толтырыңыз);
5. Сүзгіні су ыдысына салыңыз және ауа көпіршіктерінің шығуына мүмкіндік беру үшін, оны сәл еңкейтіп, шамамен 10 секундқа толықтай суға батырыңыз (10-сурет);
6. Сүзгіні соңына дейін басып, арнайы ұяшыққа (11-сурет) салыңыз, содан кейін су ыдысын қақпақпен жауып қойыңыз және машинаға салыңыз.



Сүзгі қосулы, машинаны пайдалана беруге болады.

МӘЗІР ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

Мәзірге кіру үшін, бұйымның күту режимінде екендігіне көз жеткізіңіз, содан кейін ҚОСУ/күту (B2) шамы жанып сөнгенше  және  түймешіктерне бір уақытта басыңыз: бұйым бағдарламалау режиміне өтті. Машинаны өз қалауыңызша күйленіз; бағдарламалау мәзірінен шығу үшін  түймешігіне тағы да басыңыз.

Температураны орнату

Кофені беретін судың температурасын өзгерту қажет болса, төмендегі нұсқауларды орындаңыз:



1. Бағдарламалау мәзіріне кіріңіз;
2. Қажетті температураның шамдары жанбайынша  түймешігін басып ұстап тұрыңыз (келесі бөлімнен кейін «температура мен күту режимін күйге келтіру кестесін» қараңыз);
3. Қажетті шамдар жанғаннан кейін, түймешікті жіберіңіз;
4. Содан кейін бұйымды сөндіру (күту) үшін  түймешігіне басыңыз.

Күту режимін күйге келтіру

Егер құрылғы белгілі бір уақыт аралығында пайдаланылмаған болса (үлгіге қарай әр түрлі болады), ол автоматты түрде ажырайды (ҚОСУ/Күту шамы сөнеді).

Құрылғының автоматты түрде сөндірілуін күйлеу мүмкіндігі бар, осылайша, ол белгіленген уақыттан кейін сөнетін болады. Төмендегі операцияларды орындаңыз:

1. Бағдарламалау мәзіріне кіріңіз;


2. Қажетті сөндіру аралығының шамдары жанбайынша  түймешігін басып ұстап тұрыңыз (кестені қараңыз);
3. Қажетті шамдар жанғаннан кейін, түймешікті жіберіңіз.
4. Содан кейін бұйымды сөндіру (күту) үшін  түймешігіне басыңыз.


| Температура мен күту режимін реттеу кестесі | | |
|--|---|--------------|
| Температура | Тиісті шамдар | Кейінгі күту |
| Төмен |  •  | 15 мин |
| Орташа |  •   •  | 75 мин |
| Жоғары |  •   •   •  | 3 сағат |


Су қаттылығын күйге келтіру

Шамдар машинаның қаспағын кетіру қажеттілігін көрсетеді, олар пайдаланудың белгіленген кезеңінен кейін жанады, оның ұзақтығы судың қаттылығына байланысты болады.

Машинаны әртүрлі өңірлердегі су құбырынан ағатын судың қаттылығы бойынша бағдарламалауға болады, осының арқасында, қаспақты кетіру әрекеттерін орындау санын қысқартуға мүмкіндік беріледі. Төмендегі операцияларды орындаңыз:

1. Қаптамадан "TOTAL HARDNESS TEST" (ЖАЛПЫ ҚАТТЫЛЫҚ СЫНАҚТАМАСЫ) (C8) жазбасы бар жолақты алып шығарыңыз;
2. Жолақты сумен толтырылған стақанға шамамен бір секундқа толықтай батырыңыз;
3. Жолақты судан алып шығарыңыз және сәл сілкіңіз. Шамамен бір минут өткеннен кейін, судың қаттылығына байланысты қызыл түсті 1, 2, 3 немесе 4 шаршылары пайда болады (қызыл түсті 4 шаршы = өте қатты су);
4. Бағдарламалау мәзіріне кіріңіз;
5. Реагенттің жолағының нәтижесін анықтағаннан кейін, шамдар кестеде көрсетілгендей жанбайынша "ыстық су"  түймешігін басып ұстап тұрыңыз;




6. Судың қаттылығын анықтайтын шамдар жанғаннан кейін, түймешікті жіберіңіз;
7. Содан кейін бұйымды сөндіру (күту) үшін  түймешігіне басыңыз.

Ескеріңіз:



Су жұмсартатын сүзгіні дұрыс қолданған жағдайда, машинаны жолақпен анықталған қаттылықтан аз болатын қаттылыққа сай күйге келтіріңіз.

ҚОСУ ЖӘНЕ КҮТУ РЕЖИМІ

Басты сөндіргіш I күйінде болған кезде,  түймешігіне басып, машинаны (күту режимі) қосып сөндіріңіз.

Машина біраз уақыттан кейін автоматты түрде (күту режимі) сөнеді («Күту режимін күйге келтіру») бөлімін қараңыз)

ҰНТАҚ КОФЕДЕН ЭСПРЕССО КОФЕСІН ЖАСАУ





- 1 Ұнтақ кофе (C2 немесе C3) сүзгісін ұстатқышқа (12 сурет) салыңыз. Бір кофе жасау үшін  сүзгісін, ал 2 кофе жасау үшін  сүзгісін қолданыңыз;
2. Тек бір кофе жасау үшін, ұнтақ кофеңіздің бір деңгейлік мөлшерін (шамамен 7 г) сүзгіге салыңыз (13-сурет). Екі кофе дайындау үшін, ұнтақ кофеңіздің екі өлшеуішке барынша толтырылған мөлшерін (шамамен 7+7 г) сүзгіге салыңыз. Ұнтақ кофеңіз шамадан асып кетпеуіне жол бермес үшін, сүзгіні қатты толтырып жібермеңіз;

Маңызды:

Дұрыс пайдалану үшін, ұнтақ кофемен толтырмас үшін, соңғы рет кофе жасаған кезден қалған кофе қалдықтарының жоқтығына көз жеткізіңіз.

- 3 Ұнтақ кофеңіз бір деңгейде жайып, тығыздағышпен жайлап басыңыз (14-сурет).

Жақсы эспрессо алу үшін ұнтақ кофеңізді дұрыс басу маңызды болып табылады. Егер шамадан тыс бассаңыз, кофе жай құйылатын болады және кофе қою болады. Егер жеткіліксіз бассаңыз, кофе тым тез құйылатын болады және кофе ашық түсті болады;

4. Тұтқыштың жиектерінде қалып қойған кофеңізді кетіріңіз де, тұтқышты машинаға бекітіңіз: сүзгіні дұрыс орнату үшін тұтқаны дәл  OPEN (ашық) (4-сурет) белгісіне дейін бұрап, сүзгінің ұстатқышын салып, тұтқаны  CLOSE (жабық) (5-сурет) күйіне дейін бұрау керек;
5. Кесені немесе кеселерді сүзгі ұстатқыш шүмектерінің қойыңыз (15-сурет). Кофе жасамас бұрын кеселерге аз ғана сумен шаю арқылы оларды жылытып алу ұсынылады;
6. Кофе беру шамдарының қосұлы екендігіне көз жеткізіңіз, содан кейін  немесе  беру түймешігіне басыңыз: машина істеп тұрады және автоматты түрде сөнеді.

Ескеріңіз:

- Кофе дайындаған кезде, беріліс, бұрын іске қосылған беріліс түймешігіне басу арқылы кез келген сәттен тоқтатылуы мүмкін.
- Беріліс аяқталғаннан кейін, егер кеселедегі кофеңіз мөлшерін ұлғайту керек болса, бұрын іске қосылған беріліс түймешігін ұстап тұрғаныңыз (3 секунд бойы) жеткілікті болады.
- Сүзгі ұстағышты алып тастау үшін, сапты оңнан солға қарай бұраңыз.

Күйіп қалу қаупі бар!

Шашыраудың алдын алу үшін, сүзгі ұстағышты құрылғы кофе құйып жатқан кезде және кофе құйылғаннан кейін бірнеше секунд ішінде ешқашан шығармаңыз.


ЧАЛДЫНЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП ЭСПРЕССО ДАЙЫНДАУ ЖОЛЫ

Ескеріңіз:

ESE стандарттарына сай келетін чалдыны пайдаланыңыз: осындай чалдының қаптамаларында осы стандартты білдіретін келесі тауар белгісі бар.





ESE стандарты – ең ірі чалды өндірушілері тарапынан қабылданған жүйе болып табылады және эспрессоны оңай және тез арада дайындауға мүмкіндік береді.

1. Чалды түріндегі кофе (D4 ) сүзгісін ұстатқышқа салыңыз;

2. Жастықшаны сүзгінің ортасына туралап салыңыз (16-сурет). Жастықшаны сүзгіге дұрыс бағыттау үшін жастықша бумасындағы нұсқаларды әрқашан орындаңыз;
3. Алдыңғы бөлімнің 4-тармағының нұсқауларын орындаңыз. Бір рет дайындаған кезде бір кофені ғана беруге болады;


КЕСЕДЕГІ КОФЕНІҢ МӨЛШЕРІН БАҒДАРЛАМАЛАУ

Машинаның әдепкі зауыттық күйлеулері стандартты мөлшерлердің берілуін қарастырады. Параметрлерді өзгерту үшін мына әрекетті орындаңыз:

1. Кофе беруші ұшының астына бір кесе қойыңыз;
2. Бағдарламалануы тиісті түймешікті  немесе  басыңыз және ұстап тұрыңыз. Машина кофені құя бастайды;
3. Кофенің қажетті мөлшері құйылғаннан кейін, түймешікті босатыңыз: беріліс тоқтайды.

Машина кофенің жаңа мөлшерін беру үшін қайта бағдарламаланған.

КЕСЕ ЖЫЛЫТҚЫШ (17-сурет)

Жылытқыш  түймешігінің көмегімен қосылады: кеселер ыстық болып қала беруі үшін, оларды жылытқышқа қойыңыз. Бұл, кофе ыстық болып дайындалуы үшін керек.

СҮТ ҚОСЫЛҒАН СУСЫНДАРДЫ ДАЙЫНДАУ

Ескеріңіз!

- Сүт сәл көпірген немесе қатты көпірген болмауы үшін, сүт құятын қақпақты (D1) және Сүт контейнерінің/су берушінің ендімесін (A2) әрқашан 165 және 167 беттегі «сүтке арналған контейнерді тазалау» бөлімінде және 167 беттегі «сүт контейнерінің/су берушінің ендімесін тазалау» бөлімінде сипатталғандай тазартып тұрыңыз.

Сүт контейнерін толтырыңыз және салыңыз

1. Қақпағын алыңыз (D1- 18-сурет);
2. контейнерді (D5) сүттің жеткілікті мөлшерімен толтырыңыз, бірақ 0,5 л-ге тең болатын ең жоғары шектен асырмаңыз (19-сурет). Контейнердің бүйір жағындағы әрбір таңба 100 мл сүтке сай келетіндігін ескеру керек);

Ескеріңіз!

- Көбік біртекті және қою болуы үшін, майсыздандырылған месе жартылай майсыздандырылған сүтті тоңазытқыштың температурасы ауқымында (шамамен 5° C) пайдалану керек.
3. Сүт алу түтігі (D4), сүт контейнерінің қақпағында қарастырылған арнайы ұяшыққа жеткілікті және сенімді түрде салынғанына көз жеткізіңіз (20-сурет);
 4. Сүт контейнерінің қақпағын орнына салыңыз;

5. Ыстық су берушіні алып шығарыңыз (21-сурет);
6. Сүт контейнеріне тірелгенге дейін басып, ендірге (A2) енгізіңіз (22-сурет);
7. Машинаны кофе дайындауға даярлаңыз («Эспрессо кофесін дайын жолы» бөлімін қараңыз);
8. Капучино кесесін немесе Латте макиато стақанын кофе берушінің астына салыңыз және сүт берушіні дайындаңыз (23-сурет). Биік стақандарды немесе кеселерді пайдаланған кезде, 24-суретте көрсетілгендей стақан сауытын қолданыңыз);
9. Көбік реттегішті көбіктің қажетті мөлшеріне және пайдаланылатын сүттің түріне сай реттеңіз (25-сурет);

КАПУЧИНО дайындау үшін:  түймешігіне басыңыз.

ЛАТТЕ МАКИАТО дайындау үшін:  түймешігіне басыңыз.



9. Көпірліген сүтті бергеннен кейін, машина автоматты түрде кофе дайындайды.

Ескеріңіз!

- Капучино ыстығырақ болуы үшін, сүт құю құрылғысының арналарын жылыту мақсатымен CLEAN түймешігіне басуға ұсыныс беріледі (келесі бөлімді қараңыз).
- Капучино немесе латте макиато дайындаған кезде, машина 2 тапсырманы орындайды: алдымен сүт, содан соң кофе дайындалады. Егер берілісті тоқтату керек болса, бұрын іске қосылған түймешікке басыңыз.
- Беріліс аяқталғаннан кейін, егер кеседегі кофенің мөлшерін ұлғайту керек болса, ағымдағы дайындау түрінің түймешігін ұстап тұрғаныңыз (бірнеше секунд бойы) жеткілікті болады.
- Сүт контейнерін тоңазытқыштан тыс жерде көпке қалдырмаңыз: сүттің температурасы неғұрлым жоғары болса (оңтайлы температурасы 5°С), көбіктің сапасы соғұрлым нашар болады.

CLEAN түймешігінің көмегімен сүт құю құрылғысын шаю

Сүттің дайындаумен байланысты атқарымдарды әрбір рет қолданғаннан кейін, сүттің қалдығын кетіру үшін тазалау керек, ол былай жасалады:

1. Контейнерді машинаға салынған күйде қалдырыңыз (сүт контейнерін босатудың қажеті жоқ);
2. Көпірліген сүтті беретін түтіктің астында кесені немесе басқа да сұйыққойманы салыңыз;
3. “CLEAN” түймешігіне (26-сурет) басыңыз және оны ұстап тұрыңыз:  және  шамдары жанып сенеді. Шамдар жанып сөніп болғаннан кейін және машина қолданылуға қайтадан дайын болғаннан соң “CLEAN”

түймешігіне басыңыз: бу, сүт құю құрылғысының ішкі сұлбаларын тазалайды.

Капутино немесе латте дайындауға арналған кеседі кофенің немесе сүттің мөлшерін бағдарламалау

Машинаның әдепкі зауыттық күйлеулері стандартты мөлшерлердің берілуін қарастырады. Параметрлерді өзгерту үшін мына әрекетті орындаңыз:

1. Кофе беруші ұшының астына бір кесе қойыңыз және сүт беру түтігін салыңыз;
2. Бағдарламалануы тиісті сүт қосылған сәйкесінше сусынды дайындауға арналған түймешікті басыңыз және ұстап тұрыңыз. Бірнеше секундтан кейін машина сүт құя бастайды;
3. Сүттің қажетті мөлшері құйылғаннан кейін, түймешікті босатыңыз: сүттің берілуі тоқтайды.
4. Содан кейін кеседегі кофенің мөлшерін бағдарламалаңыз, бұл үшін сүттің мөлшеріне қатысты әрекетті қайталаңыз;
5. Бағдарламаланудың орындалуы шамдардың жыпылықтауымен расталады, олар шамамен 3 секунд бойы жыпылықтайды.


Машина сүт пен кофенің жаңа мөлшерін беру үшін қайта бағдарламаланған.

ЫСТЫҚ СУ МЕН БУ БЕРУ


Маңызды! Күйіп қалу қаупі бар.

Ыстық суды берген кезде құрылғыны бақылаусыз қалдырмаңыз. Суды берген кезде бергіш қызады. Оны тек тұтқасынан ғана ұстаңыз.

Ыстық су беру


1. Ыстық су берушінің сенімді түрде бекітілгеніне көз жеткізіңіз (6-сурет);
2. Бергіштің астына (шашырау мүмкіндігін азайтуға болатын жақын қашықтыққа) бір кесе қойыңыз;
3.  (B9) түймешігіне басыңыз: тиісті шам жыпылықтайды, құрылғы ыстық суды бере бастайды;
4. Құрылғы су беруді автоматты түрде тоқтатады.

Ескеріңіз!

- Ыстық судың құйылуын қолмен тоқтату үшін  түймешігіне басыңыз.


Автоматты түрде берілетін ыстық судың мөлшерін азайту

Әдепкі түрде белгіленген мөлшерді азайту қажет болса, төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

1. Бергіштің астына бір кесені қойыңыз;
2.  түймешігін ұстап тұрыңыз;

3. Кеседегі ыстық су қажетті деңгейге жеткеннен кейін, түймешікті жіберіңіз. Бағдарламалаудың орындалуы, шамдардың үш секунд бойы жыпылықтауымен расталады. Машина кофенің жаңа мөлшерін беру үшін қайта бағдарламаланған.

Бу беру



1. Ыстық су берушінің сенімді түрде бекітілгеніне көз жеткізіңіз (6-сурет);
2. Жылытылуы немесе көпірліуі тиіс болған контейнерді сұйықтықпен толтырыңыз да, оның ішіне бу берушіні батырыңыз;
3.  (B7) түймешігіне екі рет басыңыз: тиісті гам жыпылықтайды, машина бу бере бастайды;
4. Қажетті температураға дейін жеткеннен кейін, дәл сол түймешіктің көмегімен будың берілуін тоқтатыңыз. (Буды көп дегенде 3 минут бойы беруге ұсыныс беріледі).

Маңызды!

Шашырандылардың әсерінен күйік шалмауы үшін, сұйықтығы бар контейнерді алып шығарар алдында будың берілуін әрқашан тоқтатыңыз.

Буды/ыстық суды берушіні қолданғаннан кейін тазалау

Берушіні әрбір рет қолданғаннан кейін сүттің қалдықтары жиналып қалмас үшін және беруші бітеліп қалмас үшін, оны тазалап тұрыңыз.

1. Капутино жасағыштың астына бір контейнерді қойыңыз, суды аздап жіберу үшін  түймешігіне басыңыз (7-сурет);
Содан кейін ыстық судың құйылуын тоқтатыңыз, бұл үшін қайтадан  түймешігіне басыңыз.
2. Капутино жасағышты суыту үшін бірнеше минут күте тұрыңыз; содан кейін ыстық су берушіні алып шығарыңыз;
3. Капутино жасағыштың тесігі бітелмегендігіне көз жеткізіңіз;
4. Берушінің барлық бөліктерін ысқыштың көмегімен жылы суда құнттап жуыңыз;
5. Берушіні қайтадан өз орнына қойыңыз.

ТАЗАЛАУ

Құрылғыны тазалау

Құрылғының келесі бөліктері кезең-кезең тазалау керек:

- құрылғының ішкі сұлбасы;
- тамшы науасы (A10)
- кофе сүзгілері (C2, C3 және C4);
- қайнатқыш бөлік шүмегі (A5);
- су ыдысы (A8);
- сүт контейнері (D);
- алдыңғы бөлімде сипатталғандай ыстық су (C7) берушісі;

- ыстық су/бу ендімесі (A2).

Маңызды!

- Кофе құрылғысын тазалау үшін еріткіштерді, ысқыш сұйықтықтарды немесе алкогольді пайдаланбаңыз.
- Сүт контейнерін (D) қоспағанда, құрылғының құрамдастарын ыдыс-жуғыш машинаның ішінде жумаңыз.
- Металл немесе пластмасса қабаттарына сызат келтірмес үшін, кофенің дақтарын немесе шөгінділерін кетіруге арналған металл заттарын қолданбаңыз.

Құрылғының ішкі сұлбасын тазалау

Егер машина 3/4 күн бойы қолданылмаған болса, оны пайдаланудың алдында қосып, оның ішкі бөлшектерін «Бұйымды бірінші рет қосу» параграфының 4 және 5 тармақтарында көрсетілгендей тазалау керек.

Тамшы науасын тазалау

Маңызды!

Тамшы науасында су деңгейін көрсететін (қызыл түсті) қалқымалы көрсеткіш бар. Бұл көрсеткіш кесе науасынан шыға бастама бұрын, науаны босату және тазалау керек, керісінше жағдайда су шетінен асып, құрылғыны, тірек бетін және қоршаған аймақты зақымдайды.

1. Науаны алыңыз (27-сурет);
2. Кесе науасы торын алып, суды төгізіңіз де (28-сурет), науаны шүберекпен тазалап алыңыз, одан кейін тамшы науасын орнына салыңыз;
3. Тамшы науасын өз орнына салыңыз.

Кофе сүзгілерін тазалау

Кофе сүзгілерін ағын су астына ұстау арқылы тазалаңыз. Тесіктердің бітелмегеніне көз жеткізіңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз (29-сурет).

Қайнатқыш бөлік шүмегін тазалау

Әрбір 200 кофе кесесін дайындағаннан кейін, қайнатқыш бөлік шүмегін тазалау керек, бұл үшін одан шамамен 0,5 л су ағызу керек (бұл үшін ұнтақ кофені пайдаланбай кофе құю түймешігіне басыңыз).

Су ыдысын тазалау

1. Қайнатқыш бөлік шүмегін ылғал шүберек пен жұмсақ жуғыш құралдың көмегімен кезең-кезең (айына бір рет) және суды жұмсартатын сүзгіні (C10- бар болса) әрбір рет ауыстырған кезде жуу керек;
2. Сүзгіні алыңыз (бар болса) және оны судың ағынымен шайыңыз;

3. Сүзгіні қойыңыз (бар болса), ыдысты таза сумен толтырыңыз және орнына қойыңыз;
4. (Суды тазартатын сүзгісі бар үлгілерге ғана) 100 мл суды құйыңыз.

Сүт контейнерін тазалау


Сүт қосылған сусындарды әрбір рет дайындағаннан кейін контейнерді төменде көрсетілгендей етіп тазалаңыз:

1. Қақпақты алып шығарыңыз;
2. Сүтті беру және алу түтігін алып шығарыңыз (30-сурет);
3. Сілтеуішті сыртқа қарай тартып, алып шығарыңыз (31-сурет);
4. Барлық құрамдастарды ыстық сумен және жұмсақ жуғыш құралмен күнтіп жуыңыз. **Барлық құрамдастарды ыдыс-аяқ жуғыш машинаның жоғарғы себетінде жууға болады.** Тесіктердің ішінде және сілтеуіштің жұқа жағында орналасқан арнада сүттың қалдықтарының қалмауына назар аударыңыз;
5. Алу және беру түтіктері сүтпен бітеліп қалмағанына да көз жеткізіңіз;
6. Сілтеуішті сүт беру және алу түтігінің жанына орнатыңыз;
7. Сүт контейнерінің қақпағын орнына салыңыз.

Ыстық су/бу ендімесін тазалау

Сүтті пайдалана отырып әрбір рет дайындағаннан кейін ендірмені ысқышпен шайып тұрыңыз, аралық қабаттарда қалып қойған сүттің қалдықтарын кетіріңіз (32-сурет).



ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Басқару панелінде  шамы жыпылықтағаннан кейін құрылғының қағын кетіріңіз.

Маңызды!

- Қолданудың алдында, қақ тазалау ерітіндісінің заттанбауын және оны пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз.
- De'Longhi компаниясының қақ тазалау ерітіндісін ғана пайдалануға ұсыныс беріледі. Қақ тазалауға жарамайтын құралдарды қолданудың, сондай-ақ қақ тазалау әрекеттерін дұрыс орындамаудың салдарынан, өндірушінің кепілдігінде қарастырылмаған ақаулар туындауы мүмкін.

1. Су ыдысын толықтай босатыңыз және суды жұмсартатын сүзгіні (бар болса) алып тастаңыз. Ыдысты орамдағы көрсеткіштерге қарап сумен еріту арқылы алынған қақ тазалау ерітіндісімен толтырыңыз;
2. Ыстық су берушіні салыңыз (6-сурет);
3. Бір ыдысты қайнатқыш бөлік шүмегінің астына, екіншісін – ыстық су берушінің астына қойыңыз (33-сурет); тамшы науасы бос екендігіне және дұрыс орнатылғандығына көз жеткізіңіз;

4.  және  түймешіктеріне бір уақытта басыңыз:  шамы жыпылықтайды (ыстық су берушісі салынбаған болса, онда шам жыпылықтайды);
5.  түймесін басыңыз. Қақ тазалаудың орындалуы, жарық диодтарының кезек-кезек жыпылықтауымен көрсетіледі. Қақ тазалау бағдарламасы, кофе машинасының ішіндегі қақты кетіру үшін қайнатқыш бөлік шүмегінен жәге ыстық су берушіден автоматты түрде беру сериясын орындайды;
6. Қақ тазалау ерітіндісін әзірлегеннен кейін  индикаторы жанады және екі рет шау керектігін білдіреді;
7. Ерітіндінің қалдықтарын тазарту үшін, су ыдысын алып шығарып, оны босатып, ағын сумен шайып, таза судың мол мөлшерімен толтырып, сүзгіні қайтадан салып (оны бұған дейін алып тастасаңыз), содан кейін су ыдысын құрылғыға салу керек;
8.  түймесін басыңыз: шау басталады, барлық жарық диодтары кезек-кезек жыпылықтайды;
9. Ыдыс босағаннан кейін, екінші рет шау қажет: контейнерлерді босатыңыз және оларды қайнатқыш бөліктің шығару арнасының астына және ыстық су берушінің қайтадан орнатыңыз;
10.  түймесін басыңыз: шау басталады, барлық жарық диодтары кезек-кезек жыпылықтайды;
11. Ыдыс босағаннан кейін шау аяқталады: ыдысты шайыңыз, толтырыңыз және оны енгізіңіз;
10.  шамы жанады: тиісті түймені басыңыз: беріліс басталады және автоматты түрде тоқтайды.

Енді бұйым пайдалануға дайын болады.

Ескеріңіз!

- Егер қақ тазалау әрекеті тиісінше аяқталмаған болса (мысалы, электр қуатын берген кезде ақау болса), қайтадан тазалауға ұсыныс беріледі;
- Жоғарыда сипатталған қақ тазалау әрекеті өз уақытында орындалмаған болса, қақпен байланысты ақаулықтардың себебінен құрылғыны жөндеу жағдайлары кепілдікке кірмейді.

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК

| | |
|--------------------------|-------------------------------|
| Желі кернеуі: | 220-240 В*50/60 Гц |
| Жұтылатын қуат: | 1450 Вт |
| Өлшемі: ҰхБхД: | 305x275x320 мм |
| Жылу блогы: | Тоттанбайтын болат / алюминий |
| Қысым: | 15 бар |
| Су ыдысының сыйымдылығы: | 1 л |
| Қуат кабелінің ұзындығы: | 1200 мм |
| Салмағы: | 7 кг |



Бұл құрылғы мына ЕС директиваларына сәйкес:

- Stand-by (Қуту) 1275/2008 директивасы.
- 1935/2004 ЕЕС тағам тиетін материалдар мен керек-жарақтар ережесіне сәйкес.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ



Машинаны үй қалдықтарымен бірге кәдеге жаратпай, қалдықтарды бөлек жинау жөніндегі уәкілетті орталыққа тапсыру керек.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

| | |
|-------------|-----------------------------|
| Бұйым түрі: | өнімдегі таңбалауға қараңыз |
| Үлгі: | “ |
| Кернеу: | “ |
| Жілілік: | “ |
| Қуаты: | “ |

Қытайда:

De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 - 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия үшін жасалған.

Кедендік одақтар территориясында тұтынушыларға тасымалдау үшін жауапкершілікті және импорттер:








“Делонги” ЖШҚ
127055 Ресей, Мәскеу қ,
Суцёвская көшесі, 27-үй, 3-ғимарат
Тел.: +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетілгендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Бұйым шығарылған күнін бұйым корпусында жазылған сериялық нөмір бойынша анықтау мүмкін. (Сериялық нөмірі: ASSCC, бұл жерде А – өнім жасалған жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC – басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411, өнім жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)



ШАМДАРДЫҢ МӘНДЕРІ

| ШАМДАР | ӘРЕКЕТІ | ШАМДАРДЫҢ МӘНДЕРІ |
|---|--|---|
|  | <p>Құрылғының артқы жағында орналасқан ҚОСУ/СӨНД. басты сөндіргішін қосу.</p> | <p>Машина автодиагностика жасайды, бұл, шамдардың кезек-кезек жыпылықтауымен расталады.</p> |
|  | <p>Құрылғы қосулы: А2 ендімесі бос.</p> | <p>Машина кофені дайындау үшін жылытылады: 1 немесе 2 кестелерін беру шамдары жыпылықтап болғаннан кейін, құрылғы оңтайлы температураға дейін жетеді.</p> |
|  | <p>Құрылғы қосулы: ыстық су берушісі D7 ендімеге А2 қосылған.</p> | <p>Кофе әзірлеген кезде машина қызады: 1 немесе 2 шыныаяқтардың беріліс индикаторлары мен ыстық су берілісі индикаторы жыпылықтауды тоқтатқан кезде аспап кофенің немесе ыстық судың құю үшін қолайлы температураға жетті.</p> |
|  | <p>Аспап қосулы: сүтке арналған контейнер (D) А2 ендімесіне қосулы.</p> | <p>Машина кофені дайындау үшін жылытылады: 1 немесе 2 кестелерін беру шамдары жыпылықтап болғаннан кейін, капучино және латте макиато шамдары жыпылықтап болғаннан кейін, құрылғы кофені, капучиноны немесе латте макиатоны оңтайлы температураға дейін жетеді.</p> |
|  | <p>Машина бірнеше минут бойы қолданылмаған немесе ҚОСУ/СӨНД. түймешігі басылып тұрған.</p> | <p>Бұйым күту режимінде: оны сөндіру үшін  түймешігіне басыңыз. Күту режимі қосылғанға дейін уақыт реттеле алады: «Күту режимінің аралығын реттеу» бөлімін қараңыз.</p> |
|  | <p>Ыдыс бос немесе машина берілісты орындай алмайды.</p> | <p>«Ақаулықтарды жою» пар. қараңыз (170-бет).</p> |

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Кейбір ықтимал ақаулардың тізімі төменде келтіріледі.

Ақау, сипатталған тәсілдермен кетіріле алмаса, онда Техникалық Қолдау Қызметімен хабарласу керек.

| МӘСЕЛЕ | ЫҚТИМАЛ СЕБЕПТЕР | АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ |
|---|--|--|
| Машина қосылмайды | Қуат кабелі дұрыс салынбаған | Қуат кабелі машинаның артқы жағындағы тиісті ұяшыққа соңына дейін салынғанына көз жеткізіңіз; сонымен қатар ашаның розеткаға дұрыс салынғана да көз жеткізіңіз |
| Эспрессо кофесі құйылмайды | Ыдыста су жоқ | Ыдысты сумен толтырыңыз |
| | Сүзгі ұстағыштағы тесіктер бітелген | Сүзгі ұстағыш шүмегіндегі тесіктерді тазалаңыз |
| | Эспрессо қайнатқыш тесігі бітелген | "Қайнатқыш бөлік шүмегін тазалау" бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз |
| | Су айналымында қақ қалыптасқан | "Эспрессо" бөлімінде көрсетілгендей қақтан тазалаңыз |
| | Ыдыс орнына дұрыс салынбаған және оның негізіндегі клапан ашық емес | Астыңғы клапанды ашу үшін ыдысты жайлап басып салыңыз |
| Эспрессо кофесі тесіктердің орнына сүзгі ұстатқыштың жиектерінен тамшылайды | Сүзгі ұстатқыш дұрыс салынбаған немесе кірлеген | Сүзгі ұстатқышты дұрыс бекітіңіз және жеткен жеріне дейін мықтап бұраңыз |
| | Эспрессо қайнатқыш бөлігінің толтырмасының созылмалы қасиеті жоғалған немесе ол кірлеген | Эспрессо қайнату бөлігінің тығыздағышын тұтынушыларға қызмет көрсету орнына ауыстыртыңыз |
| | Сүзгі ұстағыштағы шүмектерінің тесіктері бітелген | Шүмектердің тесіктерін тазалаңыз. |
| Сүзгі ұстағыш құрылғыға салынбайды | Тым көп кофе себілген | Дайындаудың қажетті түрі үшін мөлшерлегіш пен дұрыс сүзгіні қолданыңыз. |
| Сорғы өте шулы | Су ыдысы бос | Су ыдысын толтырыңыз |
| | Ыдыс орнына дұрыс салынбаған және оның негізіндегі клапан ашық емес | Астыңғы клапанды ашу үшін ыдысты жайлап басып салыңыз |

| | | |
|---|---|--|
| Кофе кілегейі ашық түсті (шүмектен тез ағады) | Ұнтақ кофе сәл тығыздалған | Ұнтақ кофенің тығыздалуын арттыру |
| | Ұнтақ кофе жеткіліксіз | Ұнтақ кофе мөлшерін көбейтіңіз |
| | Кофе тым ірі болып тартылған | Тек эспрессо кофесін жасау құрылғыларына арналған ұнтақ кофе пайдаланыңыз |
| | Ұнтақ кофенің дұрыс емес түрі пайдаланылып жатыр | Басқа ұнтақ кофе түрін пайдаланыңыз |
| Кофе құйылғанна кейін, сүзгі қайнатқыш бөлік шүмегінің науасына бекітіліп тұрады | | Сүзгі ұстағышты тағы да салыңыз, содан кейін оны алып тастаңыз. |
| Кофе құйылғанна кейін, сүзгі қайнатқыш бөлік шүмегінің науасына бекітіліп тұрады | Сүт контейнерінің қақпағы бітеліп қалды (D1) | «Сүт контейнерін тазалау» бөлімінде көрсетілгендей етіп сүттің қақпағын тазалаңыз. |
| Сүттің көпіршіктері тым үлкен немесе сүт беру түтігінен сүт шашырап шығады (D3) немесе нашар көпіреді | Сүт онша суық емес немесе жартылай айсыздандырылған. | Тоңазытқыштың температурасы (шамамен 5°C) болған кезде толықтай немесе жартылай майсыздандырылған сүт. Қажетті нәтижеге қол жеткізе алмаған жағдайда, сүттің түрін өзгеруге ұсыныс беріледі. |
| | Сүт құю қақпағындағы көбік реттегіші нашар реттелген. | «Сүт қосылған сусындарды дайындау» бөлімінде келтірілген ұсыныстарға сай реттеңіз. |
| | Сүт контейнерінің қақпағы бітеліп қалды | «Сүт контейнерін тазалау» бөлімінде көрсетілгендей етіп қақпақты тазалаңыз (167-бет). |
| | Ыстық су/бу ендімесі (A2) бітеліп қалды | «Ыстық су/бу ендімесін тазалау» бөлімінде көрсетілгендей ендірмені тазалаңыз. |